

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДІЛДЕТ МИНИСТРЛІГІ
АКМОЛА ОБЛЫСЫНЫН
ДІЛДЕТ ДЕПАРТАМЕНТИ
ЕҢГІЗІЛГЕН ОЛДЕРТУЛЕР
МЕН ТОЛЫКТЫРУЛАРДЫН
ДАРКЕҮІ ЖУРГІЗІЛДЕ
2016 - 24 - шаре
991240002337
(Бизнес-сайттегінде оның)



Ақмола облысы әкімдігінін
2022 жылғы 14 шілдедегі
№ А-7/323 қаулысына
қосымша

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДІЛДЕТ МИНИСТРЛІГІ
АКМОЛА ОБЛЫСЫНЫН
ДІЛДЕТ ДЕПАРТАМЕНТИ
ЗАҢДЫ ТУЛҒАНИН МЕМЛЕКЕТТІК
КАЙГА ТІРКЕҮІ ЖУРГІЗІЛДЕ
2019 - 17 қараша
991240002337
(Бизнес-сайттегінде оның)
Анықтау тапшылығынан кейін 1999 21.12

Ақмола облысы әкімдігінін
2019 жылғы 6 кыркүйектегі
№ А-9/32 қаулысымен
бекітілді

ЖАРҒЫ

Ақмола облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының
«Богенбай батыр атындағы облыстық олимпиадалық резервтін
мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

1. Жалпы ережелер

1. Ақмола облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Богенбай батыр атындағы облыстық олимпиадалық резервтін мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – коммуналдық мемлекеттік мекеме) негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын және техникалық және кәсіптік білім берудің білім беретін оку бағдарламаларын іске асыру бойынша мамандандырылған жалпы білім беретін оку орнының функцияларын жүзеге асыру үшін коммуналдық мемлекеттік мекеменің үйымдық-құқықтық нысанында күрылған заңды тұлға мөртебесіне ие коммерциялық емес үйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық мемлекеттік мекеме.

3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме «Дене шынықтыру және спорты дамыту жөніндегі шарапалар туралы» Ақмола облысы әкімінің 1999 жылғы 16 кыркүйектегі № 303 шешімінің негізінде күрылды.

4. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Ақмола облысының әкімдігі (бұдан әрі- Құрылтайшы) болып табылады.

5. Тиісті саланың үәкілетті органы, сондай-ақ оған қатысты мүлікке қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган «Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Тиісті саланың үәкілетті органы) болып табылады.

6. Мемлекеттік мекеменің атауы: Ақмола облысы деңе шынықтыру және спорт басқармасының «Бөгенбай батыр атындағы облыстық олимпиадалық резервтін мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

7. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: 021500, Қазакстан Республикасы, Ақмола облысы, Степногорск қаласы, 1 - өнеркәсіптік аймақ, №15 гимарат.

2. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің заңды мәртебесі

8. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес балансы, банктерде шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және коммуналдық мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

9. Коммуналдық мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (катаисушысы) бола алмайды.

10. Мемлекеттік коммуналдық мекеме өз міндеттемелері бойынша өзінің иелігіндегі акшамен жауап береді.

Коммуналдық мемлекеттік мекеменің ақшасы жеткіліксіз болған жағдайда оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе құрылтайшы тиісті бюджет каражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

11. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері олар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумактық казынашылық болімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін қүшіне енеді.

3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәні негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын және техникалық және кәсіптік білім берудің білім беретін оку бағдарламаларын іске асыру; Ақмола облысының құрама командалары, спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командаларының жастар және негізгі құрамдары үшін спорт резервін дайындау; Спорт және деңе шынықтыру саласында мамандар даярлау болып табылады.

13. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты:

1) негізгі орта, жалпы орта, кәсіби және техникалық жалпы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;

2) қала, облыс құрама командаларына спорттық резерв даярлау, сондай-ақ, спорт түрлерінен Қазақстан Республикасының жасөспірімдер, жастар және негізгі құрама командаларын даярлау болып табылады.

14. Максатка жету үшін коммуналдық мемлекеттік мекеме келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) окушының жеке қабылеттерін жанжакты дамыту, спорт түрімен шұғылдану үшін жағымды жағдайлар жасау;

2) жыл бойы оку-жаттығу сабактарын толық көлемде үйімдастыру және өткізу;

3) спорттық резервті – спорт түрлерінен Қазақстан Республикасының жасөспірімдер, жастар және негізгі қурама командалары үшін спортшыларды даярлау;

4) үлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптасуына бағытталған сапалы білім алу үшін жағдай жасау;

5) окушылармен кәсіби бағытталуын қамтамасыз ету;

6) кәсіби білім берудің қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттіліктеріне уактылы бейімделуіне ықпал ететін оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану;

7) окушылардың түрү мен тамақтануы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасалуын қамтамасыз ету.

8) Қазақстан Республикасының колданыстағы заннамасына сәйкес тауарларды (жұмыстарды, корсетілетін қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін корсету.

15. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандагы № 604 бүйрүгіна сәйкес әзірленген жұмыс оку жоспарларымен және бағдарламаларымен белгіленетін оку процесін үйімдастыру.

16. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің контингенті олимпиадалық резервтің басқа мамандандырылған мектеп-интернат-колледждерінде және спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарда, балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінде, спорт федерацияларында, жалпы білім беретін мектептер жанындағы спорт секцияларында, дene шынықтыру даярлығы балалар-жасөспірімдер клубтарында, спорт түрлері және спорт түрлері бойынша спорт клубтарында алдын ала даярлықтан өткен білім алушылар катарынан және таңдалған спорт түрі бойынша жалпы дene және арнайы дene дайындығы бойынша емтихан тапсыргандар жинақталады.

17. Тиесті каржы жылына арналған бекітілген бюджет шегінде негізгі және жалпы орта оқыту бағдарламасы бойынша түсетін сапалы іріктеуді қамтамасыз ету мақсатында коммуналдық мемлекеттік мекеме спортшылардың ауыспалы құрамымен оку-жаттығу жиындарын үйімдастырады.

18. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің 5, 6, 7, 8, 9, 10 11-сыныптарға қабылдау тәртібі бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйімдарына окуға

қабылдаудың үлгілік қагидаларына сәйкес конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша білім алушыларды қабылдау тәртібі техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қагидаларына сәйкес конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Ескерту: Олимпиада және Азия ойындарының, Әлем, Азия, Казакстан Республикасы чемпионаттарының чемпиондары мен жүлдегерлері әнгімелесу нәтижелері бойынша қабылданады.

19. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде оқыту мен тәрбиелеу мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.

20. Сабак тәртібі:

Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі сабак кестесін оның басшысы не оны алмастыратын адам бекітеді.

Сабак кестесінде оку сабактарының күнделікті саны, ұзактығы және реттілігі көрсетіледі.

Сабак кестесі білім алушылардың тамақтануы мен белсенді демалуы үшін жеткілікті ұзактықтағы үзілісті көздейді.

Білім алушыларға академиялық демалыстар беру «Білім туралы» Казакстан Республикасының Занына сәйкес жүзеге асырылады.

21. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білімнің оку бағдарламасына сәйкес қажетті білім колемін, спорт түрі бойынша жаттығу және жарыс дағыларын алуға бағытталған оку-тәрбие және оку-жаттығу процестері іске асырылады.

Оку-тәрбие және оку-жаттығу процесін жоспарлау басшының оку жылына арналған оку-тәрбие және оку-жаттығу процестерінің кестесін және теориялық және практикалық сабактардың кестесін бекітуі арқылы жүзеге асырылады.

Оку-жаттығу процесінің негізгі нысандары топтық оку-жаттығу және теориялық сабактар, жеке жоспарлар бойынша жұмыс, медициналық-калпына келтіру іс-шаралары, облыстық, республиканық және халықаралық спорттық іс-шараларға, спорттық жарыстарға, матчтық кездесулерге, оку-жаттығу жиындарына катысу, балаларды сауықтыру лагерьлерінде болу, нұсқаушы және төрешілік практика болып табылады.

Спорт түрлері бойынша бөлімшелердегі оку-жаттығу сабактары 52 оку аптасына есептелген оку бағдарламалары мен оку жоспарлары бойынша жүргізіледі.

22. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және корытынды аттестаттау жүргізу білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және корытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қагидаларына сәйкес жүзеге асырылады;

23. Білім алушыларды окудан шыгару республиканық, облыстық, республиканық манзызы бар қалалардың, астананың олимпиадалық резервтің

мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және облыстық, республикалық маңызы бар калалардың, астананың спорттагы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттары қызметінің Қагидаларына сәйкес жүзеге асырылады;

24. Білім беру процесіне катысушылардың құқыктары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалады.

25. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құқығы бар:

1) білім алушыдан коммуналдық мемлекеттік мекеменің ішкі тәртіп қагидаларында белгіленген міндеттерді адал және тиісінше орындауды, оку тәртібін сактауды, сондай-ақ білім беру үйімінің оқытушыларына, қызметкерлеріне және білім алушыларына сыпайы және күрметпен қарауды талап етуге міндетті;

2) білім алушыларға оку тәртібін, Жарғының және ішкі тәртіп қагидаларының талаптарын бұзғаны үшін тәртіптік ықпал ету шараларын колдануға міндетті;

3) білім алушыдан білім беру үйімінің мүлкіне ұқыпты қарауды, компьютермен және басқа да жабдықтармен жұмыс істеу қагидаларын сактауды талап етуге құқығы бар. Материалдық залал келтірілген жағдайда, оны калпына келтіруге жұмсалған шығындарды өтеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен айқындалады;

4) білім алушыларды оку, гылыми және шығармашылық қызметіндегі жетістіктері үшін көтермелегеуді және сыйакы беруді жүзеге асыруға міндетті.

26. Білім алушылардың құқығы:

1) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алу;

2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары шенберінде коммуналдық мемлекеттік мекеменің педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша жеке оку жоспарлары, кысқартылған білім беретін оку бағдарламалары бойынша оқыту;

3) оку жоспарларына сәйкес балама курстарды таңдау;

4) косымша білім беру қызметтерін, өзінің бейімділігі мен жақеттіліктеріне сәйкес білімді ақылы негізде алуға құқығы бар;

5) бір оку орнын қайта қабылдау және басқа оку орнына ауыстыру;

6) мекемедегі ақпараттық ресурстарды тегін пайдалану, окулықтармен, оку-әдістемелік кешендермен және оку-әдістемелік куралдармен қамтамасыз ету;

7) бекітілген кестеге сәйкес спорт базаларын, оку, акт залдарын, компьютерлік сыйнштар мен кітапхананы тегін пайдалануға тыым салынады;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты жұмыспен қамту саласындағы жағдай туралы ақпарат алу болып табылады;

9) окудағы, гылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйакы алуға құқылы;

- 10) өзінің адамдық кадір-қасиетінің күрметтелеуіне;
- 11) спорт түрін (түрлерін) тандау;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тандалған спорт түрлері бойынша спорттық жарыстарга катысу;
- 13) бірынгай спорттық сыншыламаның нормалары мен талаптарын орындау кезінде спорттық разрядтар мен спорттық атақтар алу;
- 14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқыктарды жүзеге асыру.

27. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің білім алушылары:

- 1) күн тәртібін, ішкі тәртіп кагидаларын сактауга, осы Жарғыда көзделген басқа да талаптарды орындауга міндепті;
- 2) оку жоспарлары мен оку бағдарламаларында көзделген білімді, теориялық және практикалық дағдыларды менгеру;
- 3) ұлттық және жалпы адамзаттық адамгершілік құндылыктарды күрметтеуге;
- 4) күн сайын оку сабактарына және екі реттік спорттық жаттыгуларға катысуга құқылы;
- 5) нормативтерді орындауга және Қазақстан Республикасының Ұлттық кұрама командаларына және спорт түрлері бойынша облыстың кұрама командасына кандидат спортшылар мен мүшелердің резервінде болуға;
- 6) коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкіне және техникалық оку күралдарына ұқыпты карауга, мұлік бүлінген жағдайда ата-аналарымен және (немесе) өзге де занды өкілдерімен бірлесіп, келтірілген залалды өтеуге міндепті;
- 7) басқа білім алушылардың, коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің ар-намысы мен кадір-қасиетін күрметтеуге, оларға катысты дөрекілік пен зорлық-зомбылыққа жол бермеуге; өздері оқитын оку орнының дәстүрлерін;
- 8) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнінің музикалық редакциясын және мәтінін білуге;
- 9) спорттық іс-шараларға қатысушы кезінде және спорт гимараттарында болған кезде қауіпсіздік талаптарын сактауга міндепті;
- 10) допингті пайдаланбауга, міндепті допинг-бақылаудан өтудің белгіленген тәртібін сактауга міндепті;
- 11) спорт саласындағы әдел нормаларын сактауга міндепті;
- 12) осындағы жарыстардың ережелеріне сәйкес жарыстарды үйымдастырушылардың талаптарын сактауга міндепті;
- 13) этикалық, санитариялық-гигиеналық, медициналық талаптарды сактауга, медициналық зерттеп-караудан үдайы өтуге міндепті;
- 14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндептерді орындауга міндепті.

28. Кәмелетке толмаган балалардың ата-аналары мен өзге де занды өкілдерінің:

1) баланың калауын, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру үйымдарын таңдауга міндettі;

2) коммуналдық мемлекеттік мекемеден өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оку жағдайларына қатысты ақпарат алуға міндettі;

3) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары бойынша консультациялық көмек алуға құқылы;

4) балаларының шарттық негізде косымша қызметтер алына құқығы бар.

29. Ата-аналар мен езге де занды өкілдер:

1) балалардың өмірі мен окуы үшін салауатты және кауіпсіз жағдайлар жасауда, олардың зияткерлік және дene күшінің дамуын, имандылық тұрғыдан қалыптасуын камтамасыз етуге міндettі;

2) осы Жарғыда айқындалған қағидаларды орындауга міндettі;

3) ата-аналар жиналысына қатысуға, қажет болған жағдайда оку-тәрбие процесі бойынша жеке педагогикалық әнгімелесу және педагогикалық көмек көрсету үшін әкімшілік шараның немесе оқытушылардың шакыруы бойынша коммуналдық мемлекеттік мекемеге келуге; ;

4) балалардың оку сабактарына қатысуын камтамасыз етуге міндettі.

30. Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар құқылы:

1) қоғамдық көліктің женілдікпен жүру (жергілікті аткарушы органдардың шешімі бойынша таксиден басқа);

2) окудан бос уақытта оқытуды жұмыспен қоса атқару;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аскери қызметке шакыруды кейінге калдыруды камтиды;

31. Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар міндettі:

1) күн тәртібін, ішкі тәртіп қағидаларын сактауга, осы Жарғыда көзделген басқа да талаптарды орындауга міндettі;

2) оку жоспарлары мен оку бағдарламаларында көзделген білімді, теориялық және практикалық дағдыларды менгеруге міндettі;

3) үлттық және жалпы адамзаттық адамгершілік құндылықтарды күрметтеуге;

4) күн сайын оку сабактарына және екі реттік спорттық жаттығуларға қатысуға құқылы;

5) спорт түрлері бойынша нормативтерді орындауга және Қазақстан Республикасы Үлттық кұрама командаларының кандидаттары немесе мүшелері болуга немесе Ақмола облысы кұрамасының кұрамында болуга;

6) коммуналдық мемлекеттік мекеменін мүлкіне және техникалық оку күралдарына ұқыпты карауга, мүлік бүлінген жағдайда ата-аналарымен және (немесе) занды өкілдерімен бірлесіп, келтірілген залалды өтеуге міндettі;

7) басқа білім алушылардың, коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін күрметтеуге, оларға қатысты

дорекілік пен зорлық-зомбылыққа, оздері өкитын оку орнының дастүріне жол бермеуге міндettі;

8) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік гимнінің музикалық редакциясын және мәтінін білу;

9) спорттық іс-шараларға катысу кезінде және спорт ғимараттарында болған кезде қауіпсіздік талаптарын сактауға міндettі;

10) допингті пайдаланбауга, міндettі допинг-бакылаудан өтудің белгіленген тәртібін сактауға міндettі;

11) спорт саласындағы әдеп нормаларын сактауға міндettі;

12) осындағы жарыстардың ережелеріне сәйкес жарыстарды үйымдастырушылардың талаптарын сактауға міндettі;

13) санитариялық-гигиеналық талаптарды, медициналық талаптарды сактауға, медициналық зерттеп-караудан үдайы өтуге міндettі;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндettтерді орындауға міндettі.

32. Коммуналдық мемлекеттік мекеме білім алушыларды қамтамасыз етеді:

жатакхана;

тамактану;

спорттық киім және арнайы спорттық киім;

спорттық мұқоммалмен және жабдықпен;

оку әдебиетімен;

іссапар кезеңіндегі іссапар шығыстары.

33. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің осы Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқығы жок.

34. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына кайшы не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі тиісті саланың уәқілетті органының (жергілікті аткарушы органның) немесе Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәқілетті органның не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Коммуналдық мемлекеттік мекемені басқару

35. Коммуналдық мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды «Ақмола облысының деңе шынықтыру және спорт баскармасы» мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

36. Құрылтайшы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртішпен келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) коммуналдық мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;

2) коммуналдық мемлекеттік мекеменің жарғысын, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

37. Тиісті саланың уәкілетті органы келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) коммуналдық мемлекеттік мекеменің каржыландыру жоспарын бекітеді;

2) коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

3) коммуналдық мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, қалыптасу тәртібін және өкілеттік мерзімін, коммуналдық мемлекеттік мекеменің шешім кабылдау тәртібін белгілейді;

4) басшының құқыктарын, міндеттерін және жауапкершілігін мемлекеттік мекемесінің басшысы, оны атқарып отырган қызметінен босату негіздерін айқындайды;

5) мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, коммуналдық мемлекеттік мекемелердің құрылымы мен шекті штат санын бекітеді;

6) коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының ұсынысы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

7) жылдық каржылық есептілікті бекітеді;

8) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға коммуналдық мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып коюға немесе кайта бөлуге келісім береді;

9) осы жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заннамасымен өзіне жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

38. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысы тиісті саланың уәкілетті органы қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

39. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысы коммуналдық мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және баскарады, тиісті саланың уәкілетті органына тікелей бағынады (Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда) және коммуналдық мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

40. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық кагидаттарында әрекет етеді және Қазақстан Республикасының заннамасымен және осы Жарғымен анықталған өз күзыретіне сәйкес коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің маселелерін дербес шешеді.

41. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының жүзеге асыруға бағытталған коммуналдық мемлекеттік мекеменің жарғысына сәйкес емес қызметті жүзеге асыруға бағытылған іс-кимылды енбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауапкершілікке үласады.

42. Казакстан Республикасының заннамасында белгілінген тәртіппен коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысы:

- 1) коммуналдық мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, өзге де үйымдарда коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;
- 3) шарттар жасайды;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) коммуналдық мемлекеттік мекеменің іссапарлар, тағылымдамалар, кызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оку орталықтарында оқыту және кызметкерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлері бойынша жоспарларын бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) барлық кызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұскаулар береді;
- 8) тиісті саланың уәкілетті органы тағайындайтын кызметкерлерден басқа кызметкерлерді жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) Қазақстан Республикасының заннамасында белгілінген тәртіппен коммуналдық мемлекеттік мекеме кызметкерлеріне көтермелегу шараларын және тәргілтік жаза колданады;
- 10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және коммуналдық мемлекеттік мекеменің өзге де басшы кызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік шенберін белгілейді;
- 11) өзіне Қазақстан Республикасының заннамасымен, осы Жарғымен және тиісті саланың уәкілетті органымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкін құру тәртібі

43. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкін занды тұлғаның активтері құрайды, оларлық құны оның балансында көрсетіледі. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкі:

- 1) оған мәншік иесі берген мүліктер;
- 2) өз кызметі нәтижесінде сатып алынған мүліктер (акшалай кірістерді коса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заннамасымен тыйым салынбаған өзге де көздерден құралады.

44. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өзіне бекітілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жок.

45. Егер Қазақстан Республикасының зандарымен мемлекеттік мекемеге кірістер әкелетін кызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай кызметтен алынған ақша, Білім беру, сорт сынау, ауыл шаруашылығы

өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету, Ветеринария, Орман шаруашылығы, ерекше коргалатын табиги аумактар, спорт саласында мамандандырылған Карулы Құштер, сондай-ақ мемлекеттік кітапханалар, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік мұражайлар мен мұражай-корыктар жүргізетін тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) еткізуден түсетін ақшаны коспағанда, тиісті бюджетке есептеуге жатады.

46. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметін тиісті саланың уәкілетті органы бюджеттен каржыландырады.

47. Коммуналдық мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізеді және есептілік ұсынады.

48. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің каржы-шаруашылық қызметін тексеруді және ревизия жасауды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы, жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

6. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі

49. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі кагидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларына кайшы келмеуі тиіс.

7. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толыктырулар енгізу тәртібі

50. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толыктырулар енгізу жергілікті атқарушы органдың шешімі бойынша жүргізіледі және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аумактық әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рәсімінен өтеді.

8. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

51. Қайта күре және таратуды құрылтайшының шешімі бойынша коммуналдық мемлекеттік мекеменің тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

52. Мемлекеттік заңды тұлға заң актілерінде көзделген басқа да негіздер бойынша да таратылады.

53. Таратылған мемлекеттік заңды тұлғаның кредиторлардың талаптарын каншаттандырғаннан кейін қалған мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

54. Кредиторлардын талаптарын қанағаттаандырганнан кейін қалган, осы занды тұлғаның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, таратылған коммуналдық мемлекеттік мекеменің ақшасы тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

Басшы Челюров Е.Б.
Т.А.Ә. (болған жағдайда)

Деніс-
колы



Приложение
к постановлению акимата
Акмолинской области
от 14 июля 2022 года
№ А-7/323

Утвержден
постановлением акимата
Акмолинской области
от 06 сентября 2019 года
№ А-9/432

УСТАВ

коммунального государственного учреждения «Областная специализированная школа-интернат-колледж олимпийского резерва имени Богенбай батыра» управления физической культуры и спорта Акмолинской области

1. Общие положения

1. Коммунальное государственное учреждение «Областная специализированная школа-интернат-колледж олимпийского резерва имени Богенбай батыра» управления физической культуры и спорта Акмолинской области (далее – коммунальное государственное учреждение) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме коммунального государственного учреждения, для осуществления функций специализированного общеобразовательного учебного заведения по реализации общеобразовательных учебных программ основного среднего, общего среднего образования и образовательных учебных программ технического и профессионального образования.

2. Вид государственного учреждения: коммунальное государственное учреждение.

3. Коммунальное государственное учреждение создано на основании решения акима Акмолинской области «О мерах по развитию физической культуры и спорта» № 303 от 16 сентября 1999 года.

4. Учредителем коммунального государственного учреждения является акимат Акмолинской области (далее-Учредитель).

5. Органом, осуществляющим управление, а также органом,

осуществляющим по отношению к нему функции субъекта права ~~и отвечающим~~
имущества является государственное учреждение «Управление физической
культуры и спорта Акмолинской области» (далее - Уполномоченный орган
соответствующей отрасли).

6. Наименование коммунального государственного учреждения
Коммунальное государственное учреждение «Областная специализированная
школа-интернат-колледж олимпийского резерва имени Богенбай ~~Батыра~~
управления физической культуры и спорта Акмолинской области.

7. Местонахождение коммунального государственного учреждения
021500, Республика Казахстан, Акмолинская область, город Степногорск,
промышленная зона 1, здание №15.

2. Юридический статус коммунального государственного учреждения

8. Коммунальное государственное учреждение имеет самостоятельный
баланс, счета в банках в соответствии с законодательством Республики
Казахстан, бланки, печати с изображением Государственного Герба Республики
